ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ

БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШ"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ

ГОРОДА Шымкент

ТОО "Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс
мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail:dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-
Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жылғы 31 тамыз
Шымкент қаласы

№ 422
город Шымкент

**Әдістеме
бірлестігі туралы**

Мектепте әдістемелік жұмыстарының тиімділігін арттыру, әдіс алмасу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте әдістеме бірлестігінің құрылып, бірлестік жетекшілері бекітілсін.

2. Гуманитарлық бірлестік жетекшісі- А. С.Абдибекова
Нақты ғылымдар бірлестік жетекшісі- К.К.Усенбаева
Жаратылыстану бірлестік жетекшісі- А.А.Колбай
Қоғамдық ғылымдар бірлестік жетекшісі- Ж.Н.Сазабаев
Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігі жетекшісі- А.К.Төрахмет

3.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры Сексенов А.Б

Бұйрықпен таныстым: _____ Абдибекова С.Б.
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ _____
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ _____
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ _____
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: Төрах _____ Төрахмет Арайлым
қолы қолтаңбаның толық мәні

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
А.Б. Сексенов

«Dostyk School Shymkent» ЖШС
2026–2027 оқу жылына арналған
СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕР ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты: Сыныпжетекшілерге әдістемелік қолдау көрсету, тәрбие жұмысын бірізді ұйымдастыру және 10–11 сынып оқушыларының тұлғалық, құқықтық, әлеуметтік және кәсіби дамуына бағытталған тиімді тәрбие тәжірибесін қалыптастыру.

Міндеттері: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын сынып жетекшілер жұмысына кіріктіру; тәрбие жұмысының сапасын жетілдіру; құқықтық мәдениет пен қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру; ата-анамен өзара байланысты күшейту; сынып жетекшілердің тәжірибе алмасуына және кәсіби дамуына жағдай жасау.

ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ОТЫРЫСТАРЫ

№	Мерзімі	Отырыс тақырыбы	Қаралатын мәселелер	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	Тамыз–қыркүйек	2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары	1. 2025–2026 оқу жылындағы сынып жетекшілер ӘБ жұмысының қорытындысына қысқаша талдау. 2. 2026–2027 оқу жылына арналған ӘБ жұмыс жоспарын қарау және сынып жетекшілердің тәрбие жоспарларын біріздендіру. 3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының 2026–2027 оқу жылындағы негізгі бағыттары және «Заң және тәртіп», «Жеке қауіпсіздік» бағыттарын іске асыру. 4. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік талаптарын түсіндіру.	Хаттама	Сынып жетекшілер ӘБ жетекшісі: Төреахмет А.К., ДТІЖО: Жумханова Г.С.
2	Қараша	Қауіпсіз орта және жауапты тәрбие	1. I тоқсандағы тәрбие жұмысының жүргізілу барысын талқылау. 2. Құқық бұзушылық, буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша сынып жетекшілер жұмысы. 3. Оқушылардың сабаққа қатысуы, ішкі тәртіп ережелерін сақтау және ата-анамен өзара байланыс.	Хаттама	Сынып жетекшілер ӘБ жетекшісі: Төреахмет А.К., ДТІЖО: Жумханова Г.С., педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә.
3	Қаңтар	Мектеп, оқушы және ата-ана ынтымақтастығы	1. I жартыжылдықтағы тәрбие жұмысының қорытындысы. 2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың тиімді формалары және	Хаттама	Сынып жетекшілер ӘБ жетекшісі: Төреахмет А.К.,

			Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығымен сабақтастық. 3. 10–11 сынып оқушыларына психологиялық-педагогикалық қолдау және кәсіби бағдар беру жұмыстары.		сынып жетекшілері, педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә.
4	Наурыз	Сынып жетекшінің кәсіби шеберлігі және тәжірибе алмасу	1. Сынып жетекшілердің тиімді тәрбие тәжірибелерімен өзара бөлісуі. 2. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сынып сағаттары мен тәрбие жұмысына кіріктіру. 3. 11-сынып оқушыларына ҰБТ және қорытынды аттестаттау кезеңінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.	Хаттама	Сынып жетекшілер ӘБ жетекшісі: Төреахмет А.К., сынып жетекшілері, педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә.
5	Мамыр	Тәрбие жұмысының жылдық қорытындысы	1. 2026–2027 оқу жылындағы сынып жетекшілер жұмысының қорытындысын талдау. 2. «Адал азамат» бағдарламасы аясында атқарылған тәрбие жұмыстарының нәтижелері. 3. Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі және құқық бұзушылықтың алдын алу. 4. Келесі оқу жылына ұсыныстар мен басым бағыттарды айқындау.	Хаттама	Сынып жетекшілер ӘБ жетекшісі: Төреахмет А.К., ДТІЖО: Жумханова Г.С., сынып жетекшілері

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі: **Төреахмет А.К.**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Жумханова Г.С.

ЖШС «Dostyk school Shymkent» мектебі
Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысының
Хаттамасы №1

Күні: 31 тамыз 2026 жыл
Қатысқандар: ДТІЖО: Жумаханова Г.С., сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі: Төреахмет А.К., 10–11 сынып жетекшілері
ӘБ жетекшісі: Төреахмет А.К.
Отырыстың тақырыбы:
«2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары»

Күн тәртібі:
1. 2025–2026 оқу жылындағы сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі жұмысының қорытындысына қысқаша талдау.
2. 2026–2027 оқу жылына арналған сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарын қарау және сынып жетекшілердің тәрбие жоспарларын біріздендіру.
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының 2026–2027 оқу жылындағы негізгі бағыттары, «Заң және тәртіп», «Жеке қауіпсіздік» бағыттарын іске асыру.
4. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік талаптарын түсіндіру.

Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Төреахмет А.К. сөз алып, 2025–2026 оқу жылында атқарылған жұмыстарға қысқаша талдау жасады. Сынып жетекшілер тарапынан жүргізілген тәрбие жұмыстары, оқушылардың мектепішілік іс-шараларға қатысуы, ата-аналармен байланыс, профилактикалық және қауіпсіздік бағытындағы жұмыстар қарастырылды. Алдағы оқу жылында тәрбие жұмысының жүйелілігін сақтап, сынып жетекшілер арасында тәжірибе алмасуды жалғастыру қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша Төреахмет А.К. 2026–2027 оқу жылына арналған сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспардағы бес әдістемелік отырыстың негізгі бағыттары мен қаралатын мәселелері талқыланды. Сонымен қатар 10–11 сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларын мектептің жалпы тәрбие жұмысымен өзара сабақтастыра отырып жүргізу, негізгі бағыттар мен іс-шараларды біріздендіру мәселесіне назар аударылды.

Сынып жетекшілерге жоспарлау барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарын, қауіпсіздігін, құқықтық мәдениетін және ата-аналармен жұмысты ескеру ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Жумаханова «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы 2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттарына тоқталды. Тәрбие жұмысында құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру, соның ішінде «Заң және тәртіп» және «Жеке қауіпсіздік» бағыттарына ерекше көңіл бөлу қажеттігін түсіндірді.

Сынып сағаттары мен мектепішілік іс-шараларды ұйымдастыру кезінде оқушылардың жауапкершілігін, құқықтық сауаттылығын, қоғамдық тәртіпті сақтау мәдениетін және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізу ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселелері қаралды. Сынып жетекшілерге оқушылардың сабаққа қатысуын, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауын бақылау, құқық бұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

Сонымен қатар қажет болған жағдайда педагог-психологпен, ата-аналармен және тиісті мамандармен бірлескен профилактикалық жұмыстар жүргізудің маңыздылығы айтылды. Оқушыларға мектептегі, қоғамдық орындардағы және интернет кеңістігіндегі қауіпсіз мінез-құлық талаптарын тұрақты түсіндіру қажеттігі ескертілді.

Қаулы етті:

1. 2025–2026 оқу жылындағы сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмысына жасалған қорытынды талдау назарға алынсын.
2. 2026–2027 оқу жылына арналған сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары мақұлданып, жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
3. 10–11 сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы мектептің 2026–2027 оқу жылына арналған жалпы тәрбие жоспары және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының бағыттарымен сабақтастырыла жүргізілсін.
4. «Заң және тәртіп», «Жеке қауіпсіздік» бағыттары бойынша құқықтық, профилактикалық және қауіпсіздік шаралары сыныптардың тәрбие жұмысына жүйелі енгізілсін.

5. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, сабаққа қатысу мен ішкі тәртіпті сақтау бойынша түсіндіру және бақылау жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

6. Ата-аналармен және педагог-психологпен өзара байланыс күшейтіліп, қажет болған жағдайда білім алушыларға жеке қолдау ұйымдастырылсын.

7. Қаулының орындалуын бақылау сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Төреахмет А.К. және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Жумахановаға жүктелсін.

ӘБ жетекшісі: _____ Төреахмет А.К.

Хатшы: _____ Нұрсейіт А.